

Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми мұралары

Адасова Айгерім

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Орта ғасыр дәуірінде өркениеттің барлық жетістіктеріне, ғылым, білім, мәдениеттердің алға өрлеуіне Орталық Азия түріктері де айтарлықтай өз үлестерін қосты. Бұл дәуірде адамзат білімі мен ғылымының қарыштап өркендеуіне зор ықпал жасаған, түркі дүниесі мен мұсылмандық Шығыстың ұлы тұлғаларды – Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан әл-Бируни, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Йүгінеки, Қожа Ахмет Ясауилер тарих сахнасына шықты. Осылардың ішінде орта ғасырларда адамзат білімінің молайып, ақыл-парасатының жетілуіне орасан зор еңбек сіңірген ғұламалардың бірі – көне Отырар жерінде, қазақ топырағынан шыққан Әбу Насыр әл-Фараби. Әл-Фараби өз заманында ғылым мен өнердің барлық саласынан зор мирас қалдырған Аристотельден кейінгі әлемнің екінші ұстазы атанған, дүние жүзіне мәшһүр ғалым-хакім болды [1, 45 б.].

Әбу Насыр әл-Фараби – Шығыстың ұлы ойшылы, әмбебап-ғалым, ғылым мен білімнің дамуына өлшеусіз қосқан үлесі үшін «Екінші ұстаз» атанған, Шығыс Ренессансының көшбасында тұрған дара тұлға. Тәрбие мен білім, педагогика мен психология, этика мен әдістеменің теориялық және практикалық мәселелерін қарастыру әл-Фарабидің ғылыми-философиялық мұрасының құрамдас бөлігі болып саналады. Философия, логика, психология, этика, математика, астрономия, тіл білімі, эстетика, социология, поэтика салаларына арналған 150-ге жуық трактат қалдырған энциклопедист-ғалымның өз зерттеулерінің үлкен бөлігін Аристотель еңбектерін түсіндіруге арнауы – дәуір сұранысынан туған ізденістер еді. Әбу Насыр әл-Фараби көптеген ауқымды ғылыми мәселелердің түйінін шешкен ғалым. Ойшылдың өте бай ғылыми мұраны қалдыруымен қатар, осындай күрделі мәселелерді шешуі, әлемдік ғылымның даму тарихында өзіндік бағасын алып, адамзаттың табиғат пен оның заңдылықтарын тануға деген үнемі артып келе жатқан құштарлығына зор ықпалын тигізгені сөзсіз.

Әл-Фарабидің ғылыми мұраларын зерттеуге жол ашқан Берлин университетінің профессоры Фридрих Дитерици болды. Немістің белгілі ориенталисі Дитерици 1890-1895 жылдары Лейденде Фараби жөнінде еңбектер шығарған және Фараби кітаптарының бірнешеуін арабшадан неміс тіліне тікелей аударған. Еуропа тілдерінде шыққан «Ислам энциклопедиясы» атты жинақтарда да Әл-Фараби туралы үлкен мақалалар басылған [2, 22 б.]. Осынау зерделі зерттеушінің бағалауынша, әл-Фараби ғылымдағы ержүрек қаһармандар санатына қосылады, ол «соқыр сенім кесапатына қарсы, өзінің тарихын қанмен жазған, рухани бостандық пен гуманизмнің қасиетті заңдарын таптау үшін бар зұлымдығын жасап баққан баққұмар мансапқорларға қарсы» аянбай күресті [3].

Фараби еңбектерінің кейбіреулері кейінгі кездерде неміс, ағылшын, француз тілдеріне аударылған. Мысалы Дерлангер Б. өзінің «Араб музыкасы» атты француз тілінде шыққан еңбегінде Фарабидың «Китаби музыка ал-кабир» деген еңбегін толық келтірген. Фарабидың бұл еңбегі дүние жүзінде музыка жөнінде жазылған еңбектердің ең ірісі болып табылады. Әл-Фараби жіктеген ғылымы өзінен бұрынғы антикалық жіктеуден ерекшеленеді, ол бойынша теориялық білімдермен қатар қолданбалы ғылымдар қамтылмас еді. Бұл еңбек өзіне тән энциклопедиялық ерекшелігінің арқасында ортағасыр Таяу мен Орта Шығыста кеңінен танылып, кейінгі ғылым даму тарихында да тиісті орнын алды.

Әл-Фараби түрлі ғылымдар қосындысын төмендегідей топтарға бөледі:

Тіл туралы білім және оның бөлімдері;

Логика және оның бөлімдері;

Математикалық ғылымдар;

Физика және метафизика және оның бөлімдері;

Азаматтық ғылым және оның бөлімдері, құқық және дін. [4, 56 б.]

Қазақстан мен Орта Азиядағы тұңғыш Фарабитанушы болған профессор Ақжан әл-Машанидің пікірі бойынша Әл-Фараби ғылымы деген не? ол бүгінгі ғылым тарихы және ұлы бабамызға дейінгі ғылымға шолу емес пе? Егер әл-Фарабидың геометриясын айтсақ, оның ар жағында Пифагор, Евклид Платон тұр, музыка сөз болса Пифагор есімін тағы да ауызға алуға тура келер еді. Оларды зерделеу Аристотель еңбегін шолуды қажет етері талассыз. Ғылым әл-Фарабиден де бұрын болған. Ғылым басы мынау дегеннен гөрі, ғылым бастауына қандай құбылыс себепкер болды дегенге болжам айту оңайырақ. Егер ғылымды болмыстың заңдылығымен түсіндіру десек, саналы жанның алғаш көрген дүниесі аспан ғой. Осыдан келіп ғылым бастауы аспан деген ұғым бар. Ол кезде дәлірек айтсақ әл-Фараби заманына дейін де және ортағасырлық ғалымдар жеке ғылым саласын қуып кетпеген, олар жаратылыс заңдылықтарын сабақтастыра қарастырады. Сол себептен оларды біз энциклопедиялық ғұламалар дейміз. Бұл жәйт ғалами заңдылығының философиялық танымдық түсінігін туындатты. Философиялық тасты іздеу де, философияның- ғылымының ғылымы делінуі де осыдан еді. Менің ойымша ғылым тарихына жаңаша ғылыми тұрғыдан қараған әл-Фараби атамыз Ұлы даланың ұлық тұлғасы екені әлем өркениетінде алар орны ерекше екенін айтқым келеді. [5, 23-24 б.]

Әбу Насыр әл-Фарабидің өзінен: Сіз қандай ғылымдар саласында еңбек еттіңіз? – деп сұрай қалсақ, ол не дер еді? Біздің ойымызша, ол былай дер еді: Менің айналысқаным бір-ақ түрлі ғылым, оның аты – «Табиғат пен адамзат» деп аталады. Оп-оңай, екі-ақ ауыз сөз. Бірақ осы екі сөздің шеңберінен тыс ғылым қайда, ондайды естіген жан бар ма? Олай болса, Фараби қамтыған ғылым мен өнер жоқ деуге болады. Әл-Фарабидің мұрасы ғылымның әр түрлі саласына қатысты еңбектерден тұрады. Әр түрлі мәліметтерге қарағанда Фараби еңбектерінің жалпы саны жүзден асады. Зерттеушілердің айтуынша Фараби еңбектерін бөлек-бөлек қағаздарға жазып, көрінген шәкіттеріне бере салады екен. Соның салдарынан оның еңбектерінің арабша көп нұсқасы жоғалып кеткен. Бірақ та арабша нұсқасы жоғалып кеткен еңбектерінің біразы латынша, еврейше аудармаларда сақталған [6, 160 б.]

Оның бұл еңбектерін Европа ғалымдары кең түрде пайдаланған. Ал араб ғалымдары Фараби тірі кезінде де, кейін де оны өздерінің ұстазы деп білген. Әсіресе, оның еңбектерін Орта Азия ғалымдары жоғары бағалаған. Әл-Фарабидің көпқырлы дарынындағы музыка мен музыка өнерді зерттеуін елеусіз қалдырсақ, оның энциклопедиялық шығармашылығы тамаша тартымды сипатынанан сөзсіз айырылар еді. Музыка орта ғасыр исламдық көркем мәдениетінің өзегіне айналған деуге толық негіз бар. Көркем мәдениетте таңбаланатын әлемді эстетикалық тұрғыдан игеру, орта ғасырдағы исламдық көркем шығармашылықтың түрлі формасында, яғни сәулет зергерлік, тоқыма өнерінде, әдебиетте, поэзияда, музыкада, биде және тағы да басқа көрініс табатын әсемдікті түйсініу әл-Фараби шығармашылығында да көрініс табады. [7, 5 б.]

Әл-Фарабидің қоғамдық-философиялық, жаратылыстану туралы ғылыми көзқарастары орта ғасырлардағы Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі мәдениет, философиялық және ғылыми ой-пікірлердің даму нәтижесі болып табылады. Оның дүниетанымы екі әлемнің - көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің және Шығыс пен Грек-Рим мәдениетінің өзара байланыстарының нәтижесі еді. Әл-Фарабидің философиясын зерттеушілер оның бұл саладағы трактаттарын терең талдай келіп, Әл-Фарабидің философиялық мұрасында үш басты жайтты атап көрсетеді: дүниенің мәңгілігін тану, детерминизм – зерттеу принципі, яғни себептілік сыр-сипатын ашу – ғылымның қайнар көзі; адам жанының өшпейтіндігін теріске шығарған ақыл туралы ілім. Ғалымдардың пікірінше бұл үш принцип – әл-Фарабидің философиясының биік шоқтығы және ерекшеліктері болып саналады [8, 4 б.]. Зерттеуші ғалым, профессор С.Сыздықов: «Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен Шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің реалийлеріне сәйкес, «Мәңгілік Ел» теориясының негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгілік

Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» шығармаларында баяндайды», – деп ежелгі түркілерден бері келе жатқан Мәңгілік Ел мемлекеттік идеологиясының теориялық- методологиялық негізінің әл-Фараби еңбектерінде жарияланғанын тұжырымдайды [9, 4 б.]. Әл-Фараби заманында түркі жұртының қала мемлекеттері басым болған. Сондықтан, әл-Фарабидің «қала» түсінігін «мемлекет» түсінігімен сәйкес қарастыруы орынды. Ол қала-мемлекеттің қоғамдық өмірінің толық мінездемесін бере отырып, ізгі қалалардың жетілдірілген әлеуметтік құрылымының анықтамасын берді. Әл-Фарабидің ойы бойынша қоғамның жетілген алғашқы үлгісі «қала-мемлекет» билігі болып есептелінді. Ғұлама ғалым анықтаған адамның адамгершілік құндылықтарына басымдық берілуі ізгі қоғамның неғұрлым орнықты сипаттамасы болып саналады, бұл қағида қазіргі заманғы таным үшін маңызды да өзекті болып отыр. Данышпан билеуші бейнесінде көрініс тапқан кемел адам идеясы оның шыңы болды [7, 5 б.].

Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық идеяларының мағыналық мазмұны, мәселелерді тереңінен қоя білу қабілеті шебер ой жүгірту қасиеттері исламдық Шығысты ғана емес, ортағасырлық христандық Батысты да таңдай қақтырып, ғылым мен философияның қайта өркендеуіне жол салды. Ғалымдардың болжауынша орта ғасырлар кезеңінде Еуропадағы «Қайта өрлеу» дәуірінің басында әл-Фараби мұраларынан идея алған және ғұламаның ғылыми еңбектерін насихаттаған ағартушы ғалымдар тұрды. Сондықтан бүгінгі күнге дейін Әбу Насыр әл-Фарабидің іргелі еңбектерісіз философия тарихын елестету мүмкін емес.

Ғылыми білімдер жүйесінің қорытынды бөлігінде әл-Фараби азаматтық ғылым, құқықтану мен догматикалық теология туралы сөз қозғайды. Фарабише, азаматтық ғылым еркіндікке негізделген адамның әрекеттері мен жүріп-тұру қимылдарын анықтайды. Сондықтан да бұл білім адамның мінезі мен оның жасайтын әрекеттерінің мақсатын, адам өмірінің шынайы мақсатына жетелейтін адамның мұраты мен қылықтарының қандай болу керектігін зерттейді. Ол адамның жалған емес, шынайы бақытының мәнін түсіндіреді. Теориялық және қолданбалы бағдар ретінде ол этика, психология, эстетика және саясатпен тығыз байланысты. Азаматтық саясаттың мемлекетті дұрыс басқару үшін қажетті барлық нәрсені зерттеуінің себебі де осында [6, 10-11 б.].

Әбу Насыр әл-Фараби білім мен оқытуды адамды қалыптастырудың қуатты құралы деп санайды, соның арқасында жас адамға қажетті адамгершілік және интеллектуалдық қасиеттер дамиды. Сонымен Фараб қаласының ойшылы былай деп жазады: «Білім дегеніміз - білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерді адамдарға дарыту тәсілі» [7].

Әлемнің екінші ұстазы, ұлы ойшыл, философ Әл-Фараби өмір сүрген дәуірде орта ғасырлық мұсылмандық Шығыс өркениеті Батыс Еуропаның мәдени дамуы мен экономикалық қуатынан әлдеқайда алда тұрды. Орталық Азия мен Орта Шығыста қалалық мәдениет өркендеді және өндіргіш күштер дамыды. Антикалық мұралар қолға алынып, ежелгі грек-рим ғалымдарының еңбектеріне аудармалар жасалды. Ғылым мен білімнің өрлеуіне баса назар аударылды. Әбу Насыр әл-Фараби тек түркі халықтарының, атап айтқанда қазақтардың ғана емес, бүкіл ислам өркениетінің және бүкіл әлемнің мақтанышы. Ұлы ғалым біздің жерлесіміз екендігіне мақтанамыз және біз өзімізді оның ұрпағымыз деп айта аламыз. Рухани өнер-білімді таратып, ілгері бастыру жолында гуманизм мен адамгершілікті баянды ету жолында күрескен әл-Фарабидің ғылыми шығармалары адамзат өркениеті үшін аса қадірлі және мәңгілік мұра.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Смағұлов Н.Б. Әбу Насыр әл-Фараби: ұлы тұлға және «Мәңгілік Ел» идеясының теориялық-философиялық негіздеушісі. – // «Заманауи қазақстандық контекстегі Әл Фараби» атты Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150-жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның Материалдары: ғылыми электрондық басылым. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2020. – Б. 49-54.

2. Орынбеков, М. Алтаев Ж. Әл-Фараби философиясы //Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 160 б.
3. Әл-Фараби Философиялық трактаттар. (арабшадан қазақ тіліне аударма) – Жауапты редактор: Есенов Ш.Е. – Алматы: Ғылым баспасы, 1973. – 446 б.
4. Фараби ғибратты ғалым: Фарабитанушы ғалым А.Ж. әл-Машаниге арналады / Құрастырушы Ш.Абраман. – Алматы, 2006. -340 б.
5. Ақжан әл-Машани Әл-Фараби көпірі: Мақалалар, «Әл-Фараби романы»: Алматы: Алатау, 2005 – 352 б.
6. «Фарабитану» Қазақ халқының философиялық мұрасы сериясы. /Құраст.: Нысанбаев Ә., Құрманғалиева Ғ. – Жиырма томдық. – 16 том. – Астана: Аударма, 2006. – 440 б.
7. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. /Құраст.: Нысанбаев Ә., Құрманғалиева Ғ., Сандыбаев Ж. – Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 656 б.
8. Смағұлов Н.Б. Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби мұраларының адамзат өркениетіне қосқан үлесі. //Жастар әлемі. № 3 (295) – 2020. – 31 наурыз.
9. Смағұлов Н.Б. Әбу Насыр Әл-Фараби және Ақжан Әл-Машани: ұлы тұлғалар құбылысындағы рухани сабақтастық. //Ortalyq Qazaqstan. №113 (22709) – 2019. – 12 қазан. – 4 б.

Мәшһүр Жүсіп - фольклорист және тарихшы

Альмуса А.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі Баймағамбетова А.А.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931) – ақын, жазушы, философ, ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы. 1870 жылдары Бұхара медресесінде оқыған. Кезінде болашағынан мол үміт күтіп, дарындылығын тани білген Мұса Шорманов өзі оған «Мәшһүр» (арабша - әйгілі, даңқты) деген атауды қосақтап берген болатын. 1887-1890 жылдары Орта Азияның, Самарқанд, Ташкент, Бұқара, Түркістан қалаларын аралап, халықтың рухани мұрасы, тұрмыс- тіршілігімен танысады. Мәшһүр Жүсіптің өлеңдерінде халыққа теңдік беру, бұқараның сауатын ашу, сөз бостандығы, еңбек ету береке- бірлік сияқты әлеуметтік мәселелерді көтерді.

Қазақ зиялыларының ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевті білмейтіндер жоқ шығар. Әрі ақын, ақылгөй жан ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстаздың ағартушылық жолын берік ұстанды, ақындық мұратын да өзіне мұрат етті[1,10 б].

Он төрт жасынан бастап төрт жыл бойы Бұхара қаласындағы Көкілташ медресесінде оқыған Мәшһүр Жүсіп Көпеев Орта Азиядағы араб, парсы тілінде жетік білетін білімдарлардың бірі болып шыққан. Осы поэзияның биік парасатын діншілдік сансыздықтан айыра таныды да өзінің барлық өмірін халық зердесін жарық ұстауға арнады.

«Өсекті қожа менен молда айтады,

Басқадан олар тіпті оңды айтады», -

деп күлетіні де сондықтан.

Турашыл болып тура айтқаны , ақты қара, қараны ақ дегені үшін ел билеушілерге жақпаған. Бұл ретте тартқан азабы да аз емес:

«Туысқа тура жолды айтамын деп,

Жалғанда жалғыз қалдым жанға жақпай,-

деп ол бекер шағынбаған.

Ақмола, Ұзақ ақын Мәшһүр –Жүсіп

Заманғы жазушы еді үлгі пішіп,

Солардың ағып жатқан теңізінен

Біз пақыр сөйлеп жүрміз қанып ішіп